

сып, бұлбұлдай сайраған әншілер, мың бұралып билеген бишілер, көтеріңкі көңіл күй сыйлаған жайдарманшылар өнерлеріне тәнті болдық. Жоғары оқу орнына жаңа келіп түскен жастарға болашақ студенттік өмірге қызыға қарайтындай тәрбиелі мәндері көп болды /3/.

«Ядролық қаруға қарсы әлем» тақырыбында жүргізілген іс-шараның мақсаты – қазіргі заманды толғандырған мәселелердің бірі ядролық қаруға қарсы студенттерді тәрбиелеу, экологиялық апаттардың алдын алу, өзге мемлекеттер арасында келеңсіздік тудырмау. Кеш институтымыздың ф-м.ғ.к., доценті, ХАА академигі, профессор, жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы Үмбетов Әбілхан Үмбетұлының дәрісінен басталды. Дәрісте әлемдегі ядролық қарудың зардабы, адамзатқа тигізген зияны туралы баяндады. Ядролық қарудың Чернобыль АЭС-ғы, Жапониядағы 1945 жылғы Хиросимо, Нагасаки қалаларындағы атом зардабы және Қазақстандағы Семей полигы, ядролық сынақтар өткізілген аймақтар мен Байқоңыр ғарыш айлағының халқымызға тигізген зияны мен экологиялық жағдайы туралы жеке жеке тоқталып өтті. Қазақстанның атом өндірісін дамытуда орасан зор мүмкіндікке ие екендігін айта отырып, еліміздегі бейбіт мақсатта атом энергиясын дамыту туралы сөз қозғады. Студенттер ядролық қаруға байланысты өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, қанағаттанарлықтай жауаптармен қанықты. Дәрістен соң атом жайында бейнебаян көрсетілді. Бейнебаяннан студенттер атом жайында, ядролық қару және атом энергиясын пайдалану жайында қажетті мағлұматтармен танысты. Міне осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралардың жастардың бойында патриоттық сезімнің болуына ықпалы зор.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Насимов М.О. Жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысын дамытудағы басым бағыттар / М.О. Насимов, Д.А. Саткенов // Молодой ученый. – 2014. – №1, №2. – С. 67–68.

2 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2009.

3 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәрбие жұмысы тұжырымдамасы. – <http://www.kazn.u.kz/ru/1941>.

4 Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://ru.government.kz/docs/u060200~2.h>.

#### ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН

*Жумабаева С.Б., Амиров М.С.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

*Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған - туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.*

*Н.Ә. Назарбаев*

"Ұл тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз" – деп белгілі философ Платон айтқандай бүгінгі күнгі әр педагогтың басты мақсаты жақсы маман болу мен қатар адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын білуге үйрету. Адамгершілік қасиеттерге бағыттай отырып, студенттердің рухани білімін байыту болып табылады. Қазіргі кезде ел болашағы – жастар, "Қазақстанның келешегін көркейтетін білімді ұрпақ" – деген сөздерді жиі еститін болдық. Әлбетте, қай халықтың да болмасын, мемлекеттік даму стратегиясында жастарға, жас буынға, олардың тәрбиеленіп, ортаға сай озық білім игеріп шығуына баса назар аударылуда. Бүгінгідей ақпарат пен техниканың дамуының шарпыған заманында, оқуға, ғылымға, тәжірибеге сүйеніп, тәрбиелілік жетістіктерге иек артқан дұрыс-ақ. Алайда жастардың саналы

азамат болып қалыптасуының кілті тек құрғақ білімде тұр деп айтсақ, қатты қателескеніміз. Адам баласының тура жолдан адаспай, толық, кемел, ақыл-есі түзу азамат қатарына жетуі оның жас шағында алатын тәрбиесіне, ата-анасының мейірім көрсете алуына байланысты. Бабаларымыздың қастер тұтып, атадан балаға аманаттап, жүрекке дарытып келген асыл қасиеттері көп-ақ. Халқымыз сырт көзбен емес, жүрекпен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Иmandылық, әділеттілік, ізгілік, мейірімділік мұраттарын терең игеруге күш салған. Мал – мүлкінен, дәулетінен иманын жоғары бағалаған қазақ «Ер жігіттің үш байлығы бар: бірінші – иманы, екінші – ырысының тұрағы, үшінші – дәулетінің тұрағы» деп аталы сөз қалдырған. Қазіргідей «мал үшін біреуді алдап, біреуді арбаған» жандар кездесіп отырған заманда мұндай сөздің маңызы да жоғары. Болашақ мамандарды дайындауда өздерінің үлгілі ұстаз болып қана қоймай Елдің болашағы - жастарды- оқытуға, жас баланың үлгі тұтып қарайтын мұғалім болатындарын ескеріп отырған жөн. Әр адам баласы өзінің төңірігіне жылуын шашып, пайдасын көрсете білсе міне сол игі. Біз тәрбиелеп отырған болашақ педагог алдыда асыл - жар, абзал - ана, ұлағатты ұстаз болатынын меңгеруі керек. Жиған – терген дәулетіне жүрегін байламай, одан да биік нәрсе бар деп өсиет еткен аталарымыздың бірінші иmandылықты айтқаны сөзсіз.

Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым. Ата – бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі – осы. Барлық бет – болмысының, мінез – құлқының айнасы /1/.

Иmandылық деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сықылды бүкіл жақсы қасиеттер түгел сыйып тұр. Қазақтың жүзі жылы жанды жолықтыра қалса, «бетінен иманы төгіліп тұрған адам екен» немесе «иманжүзді кісі екен» деп сөз етісетіні де сондықтан.

Дәстүрлі қазақ руханиятынан тамыр тартып, нәр алған данышпан тұлғалардың елді жақсылыққа үндеудегі көптеген ой – пікірлерінің иmandылық маңына келіп тоғысатыны шындық. Кешегі «біз барлық қайратымызды ел үшін еселеп жұмсайық. Халық түзеуді жол қылайық» деген кеменгер Мұхтар Әуезов те жас жеткіншектерге кемел тәрбие беру үлгісін иmandылықтан іздеген. Бесікте жатқан жас сәбидің жүрегіне иmandылық нұрын құйған жөн деп есептеген. Ендеше, арысы Абайдай бабалар, берісі Мұхтардай даналар ұлт болмысының дәнекеріне жатқызған иmandылық әр азаматтың бойынан табылуы тиіс. Сондықтан жастарды білім беріп оқытуда тәрбиенің маңызы өте зор. Себебі болашақ сол білімді ғана емес тәрбиелі жастардың қолында деп білеміз.

Қазақ тұрмысында «Тал бесіктен жер бесікке» дейін қайталанып жататын далалық өркениеттің жарқын көрінісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның мінез-құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінген. Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюуы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер ешқашан да назардан тыс қалмаған. Сондықтан жоғары оқу орнында тәрбие сағаттары әр ізді өту шарт. Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Қоғамда берік қалыптасқан осындай көргенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, тәртіптің жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған. Бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен жасты “көргенді” деп, жүрегінен нұр, өңінен жылу кетпейтін, әрдайым жақсылық жолын ойлайтын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды “иманды” деп атаған /2/.

Елбасы жолдауынада айтқандай "Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" бағдарламасына сүйене отырып "Ел болам десең бесігіңді түзе" демекші Елдің болуы, инабатты қыз бен ибалы ұл тәрбиелі жеткіншек екенін естен шығармайық. Міне сондықтанда бірнеше мысалдар келтіріп, жастар оқып, қажетін өзіне алар деген ниетпен бірнеше нақыл сөздерді мысалға келтірсек:

Ұлың өссе, Ұяттымен ауылдас бол.

Қызың өссе, Қылықтымен ауылдас бол.

Бала тәрбиесі – бесіктен.

Әдептілік, ар, ұят – адамдықтың белгісі.  
"Сіз" деген әдеп, "Біз" деген көмек  
Бар, барын жейді, Ұятсыз арын жейді.  
Ұят жүрген жерде, Абырой төгілмейді.  
Абырой бар жерде, Ар шапан сөгілмейді.  
Әдепсіз бала Ауыздықсыз атпен тең.  
Ақылды қария Жазып қойған хатпен тең.  
Ар қайда болса, Ұят сонда.

Халқымыз бала тәрбиесіне жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, өзінің салт - дәстүрі мен әдет - ғұрпы арқылы мол өнеге бере білген.

Ата мейірімі, әке мейірімі, ана мейірімі, отбасындағы адамдардың бір-біріне деген мейір - шапағат - әдептік әсем құбылыс, түйсікті баурап алатын түсінік, ұлағатты ұғым, адамгершіліктің асқар шыңы. Халқымыз ұрпағын мейірімділікке тәрбиелеп, қатыгездіктен қашып, қаталдықтан сақтандырып отырған. Еліміз ер азаматтарын мейірімді болса екен деген аттармен атап, жастарды үнемі мейірімділікке баураған. «Көпті жамандаған көмусіз қалады» деп халқымыз мейірлі болу – өз халқын сүйу, бірлікшіл болу екенін уағыздайды. «Үлкен адамның сөзін тыңдай біл» деп өсиет айтқан ата – бабамыз мейірімділік негізі – сыйласым екенін дәл көрсетеді.

Ендеше, адамның негізгі қасиеті:

*Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.* Осы қысқа өмірде орны толмайтын үш нәрсе бар.

Ол-ата, ана, бала. Бір ұрпақ келіп, бір ұрпақ кетеді. Бірақ жер бетінде өмір өлмейді. Өмірді бала қосады. Ата-ана асқар тауың, айналып өтсең жаман, асып түссең жақсы. Адам тумасынан жамандыққа үйір емес. Ол жылдар өте келе өніп шығады. Жақсылық өнімнің шыққаны немесе оны жамандықтың арам шөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады. Изеттілік пен сыпайылық сияқты адамгершілік түрлері отбасынан басталады. Отбасындағы тәрбиені адам өз өмірінің «Алтын бесігі» білім ордасы қабырғасында жалғастырып, өмір заңдылықтарын үйренеді. Халқымыздың әдептілік, әдемілік, имандылық, қайырымдылық, яғни рухани адамгершілік тағылымдарын – еліміздің дәстүрін ата-ана мен ұстаз тағылымдарын өз білімдерімен жалғастырған /3/.

Адамгершілік қасиет ең бірінші әр оқушының отбасын сыйлаудан басталады. Әкешешеге ешқашан дауыс көтеруге, сөз қайтаруға болмайды. Ата-анасын сыйламаған адам басқа біреуді сыйлап жетістірмейді. Ата-ананы ренжітпеу – әр баланың өмір бойғы міндеті. Міне осы айтылғандардан жастар аз да болса түйін түйсе біз болашаққа алаңдауымызға жол жоқ.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Қоянбаев Р. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1991.
- 2 Пинт А.О. Ата-аналар сіздер үшін. – Алматы, 1990.
- 3 Жарынбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.
- 4 Жарынбаев Қ., Базарбаев Ж. т.б. Инабат. – Алматы, 1995.
- 5 Қалиев С., т.б. Қазақтың салт-дәстүрлері. – Алматы, 1994.
- 6 Наурыз. Жаңарған салт-дәстүрлер. – Алматы, 1991.